

**Кущанова Айнур Нұрасловнаның
«8D02304 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «М.Әуезов шығармаларының
лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына отандық қеңесшінің**

ШІКІРІ

Көркем шығарманы когнитивтік түрғыда қарастыру – қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигмаға сәйкес қолданылатын кешенді әдіс. Мұндай бағыттағы зерттеу тіл мен ой-сана, мәтін мен мәдениет, автор мен оқырман арасындағы өзара күрделі байланыстарды айқындауға негізделеді. Когнитивтік талдау көркем мәтінді жай ғана тілдік құрылым ретінде емес, онда адамзат дүниетанымы, ұлттық менталитет пен мәдени жад тоғысатын семиотикалық әрі когнитивтік қеңістік ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл диссертациялық еңбекте Мұхтар Әуезов шығармалары лингвомәдени және когнитивтік қырынан қарастырылды. Зерттеу барысында жазушы туындыларындағы тілдік қолданыстың өзіндік ерекшеліктері, кейіпкерлердің мінез-болмысы, ұлттық дүниетаным мен танымдық құрылымдар, сондай-ақ семиотикалық қеңістік мәселелері талданды. Жұмыста Әуезов шығармаларының мазмұнына, олардың бойындағы ұлттық-мәдени белгілер мен символдық мәнге, мәдени код пен концептінің көріністеріне, қаламгер қолданған тілдік тәсілдер мен көркемдік амалдарға ерекше көңіл бөлінді.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасы қазақ тілінің көркемдік қуатының айрықша биігін танытады. Оның тілі көркемдік өрнегімен ғана емес, ұлттық болмысты бейнелей алатын құрылымдық ерекшеліктерімен де дараланады. Жазушының сөз тандау шеберлігі, бейнелі ойлау жүйесі мен тілдік құралдарды пайдалану тәсілдері халықтың рухани дүниесімен және дүниетанымдық ұстанымдарымен тығыз байланысты.

Диссидентант Кущанова Айнұр Нұрасловнаның «М.Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті аспектілері» атты диссертациясында көркем мәтінді лингвомәдени түрғыдан зерттеу барысында семиотикалық қеңістік теориясы, шартты мағына теориясы және дискурс теориясының негізгі қағидалары қарастырылып, олардың лингвомәдени код ұғымын айқындаудағы орны көрсетілді. Зерттеушілер ұсынған түрлі көзқарастарға сәйкес, көркем мәтіндегі лингвомәдени ақпарат лингвомәдени код, архикультуре мағына, константа, мәдени маркер, мәдени компонент, аялық немесе фондық білім, ұлттық-мәдени ерекшелік сияқты әртүрлі терминдермен белгіленетіні анықталды. Дегенмен олардың барлығы мәтінде халықтың өзіндік қайталанбас мәдени кодын бейнелеуге қызмет ететіні нақтыланды. М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі қасқыр бейнесі халық мифологиясындағы зооморфтық кодпен байланыстырыла қарастырылып, «Жетім», «Қаралы сұлу» шығармаларындағы этнографиялық-дәстүрлік элементтер ұлттық дүниетанымның көркем бейнесі ретінде талданған. Сонымен бірге «Қара-Қараңызың күні», «Қылыш заман», «Қорғансыздың күні»

шығармаларындағы фольклорлық негіздердің тарихи-мәдени жадпен байланысы когнитивтік тұрғыдан сарапанған.

Зерттеу еңбегінде фольклорлық мотивтердің әдебиетте трансформацияланып, жаңа көркемдік пішінге енүі нақты мысалдармен дәлелденген. Автор халықтық салт-дәстүрлердің, мифологиялық бейнелердің, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің Әуезов стилінде жаңаша мәнге ие болып, ұлттық мәдени кодтарды үрпаққа жеткізудің құралына айналатынын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі ретінде лингвомәдениеттану және мәдениетаралық коммуникация саласындағы тәжірибелік және ұстанымдық зерттеулер, теориялық принциптер мен әдістер қабылданды. Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізін тіл білімінің жалпы мәселелері V. Humboldt, Yu.M. Lotman, Sh. Bally, семиотика Р.Барт, М.А. Кронгауз, мәтін теориясы бойынша Ю.М. Лотман, Н.А. Вишневецкая, В.Г. Гак, И.Р. Гальперин, көркем мәтінді лингвомәдени аспектіде зерттеу Ю.М. Лотман, Ш.И. Квициниа, З.А. Заврумов, Р.Р. Замалетдинов, З.Ю. Басте, З.Б. Хожиева, Н.А. Николина, З.Р. Ахметзадина, көркем мәтінді когнитивті аспектіде зерттеу Л.Г. Бабенко, И.Е. Васильев, Ю.В. Казарин, О.А. Фещенко, Н.С. Болотнова, Н.А. Кузьмина, Л.П. Бабушкин, С.Х. Ляпин, лингвомәдени зерттеулер В.Н. Телия, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, В.А. Маслова, Г.Р. Галиуллина, А.Д. Арутюнова, Ю.С. Степанов, А. Вежбицкая, М.М. Маковский, В.В. Красных, В.В. Воробьев, Л.Г. Саяхова, С.В. Иванова, Л.К. Муллагалиева, В.И. Карасик, Л.Х. Самситова, Н.Г. Брагина, лингвокогнитивті зерттеулер R.W. Langacker, C.J. Fillmore, G. Lakoff, M. Johnson, M. Turner, L. Talmy, G. Fauconnier, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Н.Н. Болдырев, Е.С. Кубрякова, А.П. Бабушкин, Д.С. Лихачев, С.Г. Воркачев, С.А. Аскольдов, С.Е. Никитина, В.З. Демьянков, Ю.Г. Панкранц, П.Г. Лузина, Г.В. Колшанский, С.А. Жаботинская, М.В. Пименова, Ю.С. Степанов, Ю.Н. Караполов, Н.Д. Арутюнова, Е.К. Кожина, Г.Г. Слышкин, А.А. Залевская, қазақ тіл білімінде көркем мәтін мәселелері Қ. Жұбанов, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Ж. Дәдебаева, Г.А. Кажигалиева, М.К. Ахметова, Б. Момынова, тіл мен мәдениет байланысы Ә. Қайдар, Н.М. Үәли, Ж. Манкеева, А. Ислам, Г. Смағұлова, тіл мен таным мәселелері бойынша Б. Қасым, Г.Н. Зайсанбаева, С.Қ. Иманбердиева, Э.Н. Оразалиева, Г.Ш. Шахманова. А. Салқынбай, Н.М. Жанпейисова, М.Т. Даuletова, Б.И. Нұрдаулетова, М.Қ. Қанабекова, А. Әмірбекова т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынған.

Диссертациялық жұмысының тақырыбына қатысты жаңа бағыттар мен идеяларға, ғылыми еңбектерге талдау жасалған. Көркем мәтіннің когнитивті-семантикалық ұйымдасуы анықталып, М. Әуезовтің әңгімелеріндегі тірек концептілерге лингвокогнитивті талдау жасалынды.

Қазақ танымында «Қасқыр» концептісі бірнеше қабаттардан тұратын күрделі когнитивті құрылым екені анықталды. «Көксерек» әңгімесіндегі «қасқыр» концептісі халық санасында ғасырлар бойы қалыптасқан ұғым-түсініктер мен авторлық танымды, жазушы шеберлігін айқындағынын тілдік бірліктердің жиынтығын бейнелейтіні дәйектелді. М. Әуезовтің «Жетім»

әңгімесіндегі «Жалғыздық» концептісінің когнитивті құрылымы анықталған. Жазушы шығармаларындағы символдарды лингвокогнитивті талдау олардың негізінде жалпыадамзаттық әмбебап ұғым-түсініктер мен ұжымдық санада қалыптасқан ұлттық-мәдени бейнелер жатқандығын көрсетті. Сонымен бірге көркем мәтіндегі символдардың қолданысында жеке авторлық ерекшеліктер де болатыны анықталды.

Зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын құрылымдық-композициялық талап деңгейіне сай дайындалған. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан тұрады. Жұмыстың әрбір бөлімі бөлімшелерге жіктеліп түсіндірілген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен ішкі тұрақтылықты дәйектеп, идеялық тоғысуды сақтай отырып жалғасқан.

М.Әуезов шығармаларындағы лингвомәдени және когнитивтік бірліктердің қолданылуы қазақ халқының ұлттық мәдениетінің әдеби канонында айқындалып, өткен дәстүр мен қазіргі заманды сабактастыруға мүмкіндік береді. Жазушы әңгімелерінде көрініс тапқан мәдени кодтар мен тірек концептілер халық өмірінің қайталанбас ерекшеліктері мен құндылықтарын сақтауға ықпал етеді. Кущанованың диссертациялық зерттеуінде алынған нәтижелер осы мәселенің өзектілігін теориялық түрғыдан негіздел, ғылыми деректерге сүйене отырып тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері бойынша еліміздің және шет елдердің халықаралық ғылыми конференцияларда бірнеше мақалалар жарияланған.

Жалпы алғанда Кущанова Айнұр Нұрасловнаның «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «М.Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті аспектілері» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Сондықтан А.Н. Кущанованың ғылыми жұмысын «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауга жіберуге лайық деп санаймыз.

Отандық ғылыми кеңесші,
PhD., қауымдастырылған профессор

А.С. Күшкимбаева

